

«Спорт – біздің досымыз» спорттық сайыс

Мақсаты:

Әкелер мен балалардың өзара ынтымақтастығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, балалардың спортқа қызығушылығын арттыру.

Қатысушылар:

Ортаңғы, ересек және мектепалды топтарының әкелері мен балалары.

Өтетін орны:

Балабақша спорт залы.

Қажетті құралдар:

Доптар, кегли, құрсаулар, секіртпе, жалаушалар, медальдар, дипломдар.

Іс-шара барысы

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті әкелер, қадірлі қонақтар және бүлдіршіндер!

Бүгінгі «Спорт – біздің досымыз» атты көңілді спорттық сайысымызға қош келдіңіздер! Спорт – денсаулық кепілі, ал әке мен баланың бірге өткізген әрбір сәті – бала тәрбиесіндегі ең үлкен құндылық.

Балаларды ортаға шақыру.

Балалардың тақпағы

1-бала:

Спортпен шұғылданамыз,
Шынығып біз өсеміз.

2-бала:

Әкем менің мықты адам,
Жеңіске бірге жетеміз.

Сайыс кезеңдері

1-кезең «Кім жылдам?»

Әке мен бала белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады.

2-кезең «Допты дәл жеткіз»

Допты қасыққа немесе екі аяқтың арасына қысып мәреге жеткізу.

3-кезең «Кедергіден өт»
Күрсаудан секіру, кегли арасымен жүгіру.

4-кезең «Мерген әке»
Әкелер допты себетке дәл лақтырады.

5-кезең «Арқан тарту»
Барлық командалардың қатысуымен.

Музыкалық үзіліс

Балалардың биі немесе флешмоб.

Би: «Тентек қыздар»

Қорытынды

Әділқазылар жеңімпаздарды анықтайды.

Марапаттау

- * «Ең ұйымшыл отбасы»
- * «Ең жылдам әке»
- * «Спорт сүйер отбасы»

Жүргізуші:

Спорт әр шаңыраққа қуаныш, денсаулық және бірлік сыйласын! Қатысқан барлық әкелерге үлкен алғысымызды білдіреміз!